

¹Қалдыбек С.Т., ²Шеденова Н.У.

¹«Әлеуметтану» мамандығының магистранты, e-mail: kaldybekovas@gmail.com

²соц.ғ.д., профессор, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nshedenova@hotmail.com

СТУДЕНТ ЖАСТАР ОРТАСЫНДАҒЫ НЕКЕЛІК ТАҢДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ МЫСАЛЫНДА)

Мақалада студент жастардың некелік таңдау критерийлері мен болашақ отбасының болжамды бейнесі арасындағы өзара байланыс қарастырылады. Сонымен қатар заманауи қазақ қоғамындағы студенттер арасындағы некелік таңдау ерекшеліктерінің көптігі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде автордың жүргізген социологиялық зерттеу материалдары бойынша талқыланады. Зерттеудің мақсаты студент жастардың арасындағы некелік таңдаудың негізгі ерекшеліктерін анықтау болды. Гипотеза: студенттер некелік таңдаудың стереотипті құндылық бағдарларына ие. Зерттеу барысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің некелік таңдау ерекшеліктерін зерттеудің негізгі әдісі ретінде сауалнама қолданылды. Сонымен қатар, осы тақырыптың өзектілігін анықтау үшін кілт сөздерді пайдалану арқылы Google Trends веб-қосымшасы пайдаланылды. Оның нәтижелері статистикалық және деректерді талдау әдістері арқылы талданды. Әлеуметтанулық зерттеу материалдары негізіне сүйене отырып, зерттеуде жастардың некелік таңдау ерекшеліктері және оның негізгі факторлары анықталды. Некелік таңдаудың негізі ретінде – серігіне деген сүйіспеншілік, сондай-ақ некеге тұру туралы шешімді қабылдауда тәуелсіздік, бір некелік ұстанымдар және некеге тұрудың негізгі мотивтері алға шығады. Некелік таңдаудың негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктері, сондай-ақ, мәселелер мен тәуекел факторлары анықталды. Зерттеу материалдары мен тұжырымдарын академиялық қызметте, мемлекеттік билік пен басқару органдары, қоғамдық ұйымдардың практикалық жұмысында қолдануға болады.

Түйін сөздер: неке, некелік таңдау, студент жастар, азаматтық неке, жас отбасы, отбасылық құндылықтар, отбасын жоспарлау.

¹Kaldybek S.T., ²Shedenova N.U.

¹master student of «Sociology» specialty, e-mail: kaldybekovas@gmail.com

²doctor of sociological sciences, professor, docent, e-mail: nshedenova@hotmail.com
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Features of marriage choice among student youth (on the example of the al-Farabi Kazakh National University)

The article discusses the relationship between the criteria for marital choice and the intended image of the future family on the example of students. And also discusses the multiplicity of features of marriage choice among students in modern Kazakh society on the materials of a sociological study conducted by the authors in Al-Farabi Kazakh National University. The purpose of this study was to determine the main features of marriage choices among students. Hypothesis: students have stereotypical value orientations of the marriage choice. In the study, the questionnaire was used as the main method for studying the characteristics of marital choice among students of the Al-Farabi Kazakh National University. In addition, using keywords to determine the relevance of this topic, the Google Trends web application was used. And its results were analyzed by statistical analysis and data analysis. Based on the materials of a sociological study, the work identifies features of the marriage choice of young people, its main factors. The basis of marital choice is the feeling of love for a partner, as well as independence in deciding on marriage, on monogamy and the main reasons for entering into marriage. The main regularities and features of marital choice are identified, problems and risk factors are identified. Materials and conclusions can be used in academic activities, the practical work of public authorities and management, public organizations.

Key words: marriage, marriage choice, student youth, civil marriage, young family, family values, family planning.

¹Қалдыбек С.Т., ²Шеденова Н.У.

¹магистрант специальности «Социология», e-mail: kaldybekovas@gmail.com

²доктор социологических наук, профессор, доцент, e-mail: nshedenova@hotmail.com
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Особенности брачного выбора среди студенческой молодежи (на примере КазНУ им. аль-Фараби)

В статье рассматривается взаимосвязь критериев брачного выбора и предполагаемого образа будущей семьи на примере студенческой молодежи. А также рассматривается множественность особенностей брачного выбора среди студентов в современном казахском обществе на материалах социологического исследования, проведенного авторами в КазНУ имени аль-Фараби. Целью исследования было определение основных особенностей брачного выбора у студенческой молодежи. Гипотеза: студентам присущи стереотипные ценностные ориентации брачного выбора. При исследовании в качестве основного метода изучения особенностей брачного выбора у студентов КазНУ им. аль-Фараби использовался анкетный опрос. Кроме того, употребляя ключевые слова для определения актуальности данной темы, было использовано веб-приложение Google Trends. И его результаты были проанализированы методом статистического анализа и анализа данных. Опираясь на материалы социологического исследования, в работе определены особенности брачного выбора молодежи, его основные факторы. В качестве основы брачного выбора выступает чувство любви к партнеру, а также самостоятельность в принятии решения о вступлении в брак, установок на единобрачие и основные мотивы вступления в брак. Выявлены основные закономерности и особенности брачного выбора, обозначены проблемы и факторы риска. Материалы и выводы могут быть использованы в академической деятельности, практической работе органов государственной власти и управления, общественных организаций.

Ключевые слова: брак, брачный выбор, студенческая молодежь, гражданский брак, молодая семья, семейные ценности, планирование семьи.

Кіріспе

Некелік таңдау – заманауи қоғамдағы маңызды әлеуметтік мәселелердің бірі, өйткені неке және отбасылық қарым-қатынас жүйесі үнемі өзгеріп отырады. Соңғы уақытта орын алып отырған өзгерістердің ішінде: некеге тұрушылардың санының төмендеуі, тіркелмеген некелер санының артуын атап өтуге болады. Өз кезегінде, қоғам құрылып жатқан отбасылардың тұрақтылығына және олардың әлеуметтік тиімділігіне қызығушылық танытуда. Жастар ортасындағы некелік таңдауды зерттеу үшін некеге тұрудың негізгі себептерін, некелік таңдаудың басым стратегияларын, таңдауға әсер ететін факторларды зерттеу қажет (Голофаст, 2006: 198-216).

Некелік және отбасылық қатынастар қоғамдық өмірдің маңызды фактілері ретінде К. Маркс, М. Вебер, Е. Дюркгейм, П. Сорокин сияқты көптеген зерттеушілермен қаралды. Олардың бәрі отбасын қоғам негізіндегі әлеуметтік құбылыс ретінде анықтады (Гурко, 2006: 200). Некелік таңдауды социологиялық талдау өзекті зерттеу сұрақтарының бірі болып табылады, өйткені қазіргі теориялар мен тұжырымдамаларда рационалистік бұрылыс байқалады, оның мәні – қоғамдық өмірдің құбылыстары мен процесстері вебериан рухында түсіндірілетіндігінде.

Қазіргі заманғы жетекші зерттеушілердің бірі – американдық социолог Дж. Коулмен. Ол өз тұжырымдамасында мақсатты және рационалды әрекет ұғымын қарастырады. Оның көзқарасы бойынша, адамдар әдейі әрекет етпейді, бірақ олар сондай-ақ пайданы көздейтін әрекетті немесе игілікті таңдайды (Coleman, 1990). Неке одағын жасасу үшін адам өзіне тән сұлулығы, ақыл-ойы, жұмысының беделділігі, материалдық жағдайы және т. б. тұрғысынан неғұрлым тартымды серіктес іздейді. Нәтижесінде, некелік мінез-құлық, Дж. Коулмен теориясы бойынша, белгіленген баламалар жиынтығынан рационалды таңдауға әкеледі. Некелік таңдаудың кең таралымды тұжырымдамаларының бірі – Р.Ф. Уинчтің комплементарлық қажеттіліктің әлеуметтік-психологиялық теориясы. Онда индивид өзінің психологиялық ерекшеліктерін толықтыратын адамдар арасында некелік таңдауды жүзеге асыруды қалайтынын айт-ады. Осылайша, автордың ойына сәйкес, батыл емес және тәуелді индивид некеге тұру үшін өзін қорғайтын қажет ететін күшті серіктес іздейтін болады (Bhavana, Roopa, 2013). Б. Мурстейн құндылықтардың жақындығы некелік таңдау үшін қажетті, бірақ жеткіліксіз шарт екенін атап өтеді. Көптеген жеке тұлғалар үшін рөлдік үйлесімділік некелік таңдау процесінде шешуші шарт болып табылады. Бұл ұстанымды К. Коч та

ұстанады, оның пікірінше, неке одағындағы белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындаудың өзара келісімі некелік іріктеудің басты принципі болып табылады. Некелік таңдауды зерттеуде экономикалық негізі бар теориялық тұжырымдамалар ерекше қызығушылық тудырады. Бұл жағдайда, неке – мақсаты бірлескен өндіріс пен тұтыну болып табылатын әлеуметтік әріптестіктің ерекше түрі ретінде қарастырылады (Kerckhoff, Davis, 1962).

Әлеуметтік мектептердің көпшілігі отбасы институтының мәселелері, заңдылықтары, сипаттамалары және қызмет етуі туралы идеялар мен түсініктерді дамытты және олар өз кезегінде, отбасының белгілі бір моделін құрады. Алайда осыған қарамастан, уақыт өзгереді, социум да өзгереді. Нәтижесінде, қазіргі қоғамға да отбасының мүлдем өзге моделі сәйкес келеді, ол жаппай санада көрініс табады және адамдардың мінез-құлқында тамырланады. Бұған индустрияландыру да, модернизация да, жаппай массовизация мен жаһандану да ықпал етеді (Keller, Utar, 2018). Сондықтан да соңғы уақытта отбасы мен некенің әлеуметтік институтына деген қызығушылық артуда. Зерттеушілердің қызығушылықтары ажырасудың үдемелі өсуі, бала туудың төмендеуі, отбасы құндылығы және некенің бірінші дәрежелі мәніндегі өзгеруімен байланысты туындап отыр.

XX ғасырдың 1990-шы жылдарынан басталған және қазір жалғасып келе жатқан әлеуметтік-мәдени және экономикалық трансформация отбасының қалыптасуына әсер етті. XX ғасырдың 80-ші жылдары қоғамда ажырасулардың едәуір артуы, 90-шы жылдары – некеден тыс туылған балалардың өсуі, некеліліктің азаюы, ал XXI ғасырдың басынан бастап – отбасының құндылығы мен маңызының төмендеуі, отбасылық және неке қатынастарының жаңа балама формаларын қалыптастыру орын алды (Курамшев, Чистякова, 2010).

XX ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап тіркелген некелердің саны біртіндеп төмендей бастайды (Лежнина, 2016). Қоғамды XXI ғасырда отбасы және неке институтымен не болатыны туралы мәселе қызықтырады. Бұл негізгі мәселелер ғалымдардың отбасын қалыптастыру үдерістеріне қызығушылығын тудырды. Кейбір елдерде көптеген зерттеулер ғана емес, сондай-ақ болашақ жұбайын таңдау теориясы да әзірленді.

Қазіргі заманғы қоғамда жастар, әсіресе оқып, білім алып жатқандар маңызды рөлді атқарады. Жастарды, соның ішінде студенттерді зерттеу – өтіп бара жатқан ұрпақтың орнын

басуға және құрылымның дамуына ықпал ететін қоғамның дамуындағы маңызды процесс. Сондықтан да, демографиялық жағдайдың нашарлауы, жастардың ажырасуының ұлғаюына байланысты жас отбасылардың мәселелерін зерттеу өзекті болып отыр.

Жұптың пайда болу процесі ересек адамның өміріндегі табиғи процесс болып табылады. Адамдар өз болашақ серіктесін қалай таңдайды? Нені негізге ала отырып олар бұл шешімді қабылдайды? Тек қана серіктестердің арасындағы ұқсастықтар негізінде ме немесе бұған неғұрлым күрделі әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе басқа факторлар әсер етеді ме? Бұл сұрақтарға ұзақ уақыт бойы көп ғалымдар жауап табуға тырысты, бірақ әлі де оларға нақты жауап жоқ. Барлық талаптар бойынша жалғыз жалпылау, бұл неке серіктесін таңдау туралы сұрақтар, бірінші көзқарасқа қарағанда неғұрлым күрделі және көп мәнді деп танылуы мүмкін.

Мұндағы әлеуметтік мәселе: «Студент жастар ортасындағы некеге тұрудың ерекшеліктері қандай?». Бұл жұмыстың әлеуметтік мәселесі келесідей: студент жастар ортасында некелік таңдау ерекшеліктерінің көптігі. Демек, некелік таңдау ерекшеліктерін зерттеу өзектіленеді: оның факторлары, механизмдері мен өлшемдері зерттеледі. Бұл әлеуметтанулық зерттеу дәл осы мәселеге арналады.

Әдістер

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері арасында некелік таңдау ерекшеліктерін талдау үшін сұрау әдісі және сауалнама жүргізілді.

Сұрау – бұл зерттеуші мен респонденттің тікелей немесе жанама өзара іс-қимылына негізделген ақпаратты жинаудың бастапқы әдісі. Сұрау әдістердің негізгі мақсаты – адамдардың пікірлері, олардың мотивтері мен әлеуметтік құбылыстарды бағалауы, қоғамдық, топтық және жеке сананың феномендері мен жағдайлары туралы ақпарат алу (Ядов, 2011: 245).

Бұл зерттеу жұмысында сұрау әдісінің бір түрі сауалнама қолданылды. Бұл сұраудың жазбаша нысаны, әдетте, сырттай, яғни интервьюердің респондентпен тікелей және тікелей байланысынсыз жүзеге асырылады. Негізгі құрал үш негізгі бөлімнен тұратын сауалнама болды: 1) кіріспе бөлім (преамбулалы-нұсқаулық); 2) мазмұнды бөлім; 3) әлеуметтік-демографиялық бөлім (паспорттық). Преамбула – респонденттің шынайы жауап беруіне қатысты сауалнаманы толтыруға деген мотивациясының құралы. Ол студенттерге жүгінуден, зерттеудің мақсатынан,

сондай-ақ анонимді нұсқаудан тұрады (Мягков, 2012).

Сауалнама 10 сұрақтан тұрады. Оның ішінде 2-уі әлеуметтік-демографиялық және 8-і мазмұнды бөлімнің сұрақтары. Құрылымы бойынша барлық сұрақтар жабық және 1 сүзгі сұрақ бар. Сауалнамада 3 блокты бөліп көрсетуге болады: бірінші блок потенциалды неке серіктесінің бар-жоғын, сондай-ақ неке серіктесін іздеу стратегияларын анықтауға бағытталған, екінші блок жалпы некеге қатысты ұстанымдарға талдау жүргізуге мүмкіндік береді, үшінші блок неке серіктесіне қатысты ұстанымдарды талдауға бағытталған. Зерттеу кезінде сұрақтарға жауаптарды бөлуде сұралғандардың жалпы санынан пайызбен келтіріледі және диаграмма түрінде графикалық формада ұсынылады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында осы тақырыптың өзектілігін анықтау үшін қосымша әдіс ретінде Google Trends веб-қосымшасы қолданылды.

Google Trends – Google-мен іздеуіне негізделген Google корпорациясының ашық веб-қосымшасы болып табылады, ол қаншалықты белгілі бір терминнің әлемнің әр түрлі аймақтарындағы және әр түрлі тілдердегі іздеу


сұраныстарының жалпы көлеміне қатысты ізделінетінін көрсетеді. Негізгі графиктің көлденең осінде уақыт берілген (2004 жылдың кейбір сәтінен бастап), ал тігінен – бүкіл әлемдегі іздеу сұраныстарының жалпы санына қатысты терминнің қаншалықты жиі ізделгені көрсетілген (Matias, 2012). Негізгі кестеде аймақтар, қалалар мен тілдер бойынша танымалдылықты бөлу көрсетіледі.

Зерттеудегі іздеу сұраулары 10 негізгі сөзден тұрады. Оның нәтижелері статистикалық және деректерді талдау әдісімен талданды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу барысында осы тақырыптың өзектілігін анықтау үшін қосымша әдіс ретінде Google Trends веб-қосымшасы пайдаланылып, веб-қосымша арқылы келесі 10 кілттік сөз талданды: «отбасы», «неке», «некелік одақ», «азаматтық неке», «ажырасу», «жас отбасы», «отбасылық құндылықтар», «отбасын жоспарлау», «Қазақстандағы гендерлік саясат», «гендер».

Зерттеу барысында, төменде 1-суретте көрсетілгендей, «отбасы» және «неке» сөздері әдетте жаз айларында және әр жылдың қыркүйек айында көп қолданылғанын байқауға болады.



1-сурет – «Отбасы» және «неке» сөздерін пайдаланудың салыстырмалы үлесі

Мұнда үйлену тойы үшін ең қолайлы уақыт жазғы айлар, әсіресе, мамыр және қыркүйек айларынан көшеде жақсы ауа райы болатынын көруге болады. Статистиканың көрсеткіші бойынша, 2010-2013 жылдар аралығында тіркелген


некелер санының тұрақты өсуі байқалады. Және де, статистикаға сәйкес, веб-қосымшадағы «неке одағы» сөзі соңғы 5 жыл ішінде 2011 жылға дейін қолданылмаған. Және «азаматтық неке» кілттік сөзі соңғы 5 жылда көбірек қолданылған.

Бұл қазіргі қоғамдағы өзгерістермен байланысты, себебі жастардың көпшілігі жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмейді және заңды міндетті некесіз бірге өмір сүргісі келеді.


2014 жылы бұзылған некелердің саны артты, сәйкесінше бұзылған некелердің үлесі өсіп, неке құрғандардың 33 пайызын құрады. Өсуге деген тұрақты тенденцияға туылған балалар санының да қатысы бар. Әке болуды анықтаудың тіркелген фактілері санының өсіп келе жатқан көрсеткіші, туылған балалардың жалпы санының шамамен 15 пайызы кейбір жұбайлардың ресми некенің орнына тіркелмеген азаматтық некені қалайтынын куәландырады (Минис-

терство юстиции Республики Казахстан, 2015: 2). 2017 жылдың қаңтар айында бұл сөз жиі қолданылған, өйткені елде ресми тіркеусіз некені құдалау туралы заң жобасы талқыланып жатқан болатын.

Төмендегі 2-суретте көрсетілгендей, «ажырасу» және «жас отбасы» сөздері соңғы 5 жылда жиі қолданылған. Себебі, қазіргі уақытта жас отбасылар арасында ажырасу деңгейі өсіп келеді. 2014 жылы жасалған некелердің саны 2013 жылмен салыстырғанда төмендеді, ал бұзылған некелердің саны артты, тиісінше бұзылған некелердің үлесі өсіп, неке құрғандардың 33 пайызын құрады.



2-сурет – «Ажырасу» және «жас отбасы» сөздерін пайдаланудың салыстырмалы үлесі



3-сурет – «Отбасылық құндылықтар» және «отбасын жоспарлау» сөздерін пайдаланудың салыстырмалы үлесі

Аймақтар көрсеткіші бойынша Алматы облысы бірінші кезекте көш бастап тұр. Өйткені Алматы – жастар қаласы. Қазақстанның әрбір 3-ші студенті дәл осы қалада тұрады. Бұл көрсеткіштен жастар отбасы құруда өте үлкен жауапкершілік мойнына ала бермейтінін, ал бұл өз кезегінде олардың отбасылық құндылықтарының төмендеуіне әкеліп соқтырып жатқанын айтуға болады. Сондай-ақ, «отбасылық құндылықтар» және «отбасын жоспарлау» кілттік сөздерінің қолданылу ауқымы жыл сайын соңғы 13 жылда азайып жатыр (3-сурет).

Веб-қосымшаның көрсеткішіне сәйкес, 2009-2011 жылдардағы бұл сөздерге деген сұраныстар саны өте төмен. Өйткені техногенді даму мен жаһандану дәуірінде қазіргі заманғы ағым тез өзгеріп, құндылықтар өзгереді, біздің танымымыз бен түсінігіміз де кеңейіп жатыр және бұл өз кезегінде отбасына да әсер етеді.

Жаһандану ықпалының тағы бір маңызды аспектілерінің бірі ұлтаралық некелердің кең таралуы болып табылады. Мұндай отбасылар ерлі-зайыптылардың мінез-құлық нормаларының айырмашылығынан, балаларды тәрбиелеуден және діни фактордан туындаған жанжалдар сияқты көптеген мәселелерге тап болады.

Келесі көрсеткіштерге сәйкес, «гендер» және «Қазақстандағы гендерлік саясат» кілттік сөздері соңғы 5 жылдағы тұрақты динамиканы көрсетеді. Және жыл сайын қаңтар айында олар үлкен сұраныспен қолданылады.

Өйткені, қазіргі уақытта Қазақстанда гендерлік мәселелерге көп көңіл бөлінуде. Конституция мен барлық ұлттық заңнама өмір мен қызметтің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын көздейді. Әйелдер құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық келісімдер, оның ішінде әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ конвенциясы және оған Факультативтік хаттама ратификацияланды. Сонымен қоса, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссия жұмыс істейді. 2005 жылы ҚР гендерлік саясат тұжырымдамасы қабылданды, 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдіктің ұлттық стратегиясы бекітілді (Турежанова, 2015).

Google Trends веб-қосымшасы статистикасын талдау нәтижелеріне негізделі отырып, біз келесі көрсеткіштер мен индикаторларды байқаймыз: соңғы жылдары отбасындағы ажырасу санының артуы, ажырасу санының жас отбасыларда басым болуы, отбасылық құнды-

лықтардың және отбасын жоспарлаудың төмендеуі, сондай-ақ азаматтық некенің артуы. Және мұның бәрі жаһандану және вестернизациялану үрдісімен байланысты екенін көруге болады.

Осы мәселені талдау үшін, 2018 жылдың қараша айында автормен «Студент жастар ортасындағы некелік таңдау ерекшеліктері» тақырыбында зерттеу жүргізілді. Зерттеудің мақсаты студент жастардың некелік таңдауының негізгі ерекшеліктерін анықтау болды.

Зерттеу 2 – 27 қараша аралығында жүргізілді және 100 адамнан сұрау алынды. Зерттеу объектісі ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студент жастары таңдалды. Зерттеу барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің некелік таңдау ерекшеліктерін зерттеудің негізгі әдісі ретінде сұрау әдісі қолданылды және сауалнама жүргізілді.

Студенттердің демографиялық сипаттамалары бойынша бөлінуі келесідей көрінеді: жыныстық жағынан арақатынасы: әйелдер – 50%, ерлер – 50%. Студенттердің жас арақатынасы келесідей: 17-20 жас – 33,3%, 21-24 жас – 53,3%, 25-30 жас – 13,3%.

Сұрақтардың бірінші блогы потенциалды неке серіктесінің болуын, сондай-ақ оны іздеу стратегияларын анықтауға бағытталған. Потенциалды неке серіктесі деп біз респондент жақын арада ресми тіркелген некеге отыратын адамды түсінеміз. Респонденттердің арасында қазіргі уақытта 26,67%-ның потенциалды неке серіктесі бар, ал 63,33%-ында жоқ, сондай-ақ осы сұраққа жауап беруге қиналатындардың үлесі – 10%-ды құрайды.

Потенциалды неке серіктесінің болуы туралы сұрақ – бұл сүзгі сұрақ болып табылады. Осы сұраққа «иә» және «жауап беруге қиналамын» деп жауап берген респонденттер потенциалды неке серіктесін іздеу стратегиясы туралы сұраққа көшті. Іздеу стратегиясы туралы сұраққа жауап берген респонденттер пікірі келесідей түрде бөлінді. Потенциалды некелік серіктес іздеуге талпынатындар үлесі – 30,9%. Тиісінше, мұндай әрекетке талпынбайтындар үлесі 69,1%-ды құрады. Бұл жауаптар респонденттердің пассивті екенін және потенциалды некелік серіктестің өзі оларды тапқанша күтетінін немесе қазіргі уақытта бұл мәселенің олар үшін маңызды емес екенін білдіруі мүмкін.

Осылайша, студент жастардың көпшілігінде қазіргі уақытта потенциалды некелік серіктес жоқ. Демек, студенттер өз өмірінің осы кезеңінде көп жағдайда (әлі жоспарламаған) неке және отбасылық өмір туралы ойлана бермейді

деп айтуға болады. Бұл біріншіден, күндізгі оқу түрінде оқытумен байланысты болуы мүмкін, өйткені мұндай оқу үлкен қайтарымдылық пен уақыт жұмсауды қажет етеді, екіншіден, олар отбасын құруға әлі ерте деп санайды және әлі дайын емес немесе олар әлі күнге дейін өз жұбын таба алмағанын атап өтуге болады.


Келесі блок жалпы некеге байланысты ұстанымдарға қатысты. Ол ресми некеге тұрғанға дейін бірге өмір сүруге, студенттердің бір некелікке деген ұстанымына, болашақ серігіне қатысты некенің алдындағы шарттар, некеге тұрудың мотивтері, некеге тұрудың қолайлы жасына қатысты 5 сұрақтан тұрады.

Ресми некеге тұрғанға дейін бірге өмір сүруге деген қарым-қатынас келесідей көрінеді. Оң жауап бергендер үлесі – 26,67%, теріс жауап бергендер – 43,33%, некеге дейін өмір сүруге бейтарап қарайтын респонденттердің үлесі – 30%-ды құрады. Бұл жерден біз олардың көпшілігі ресми некеге дейін бірге өмір сүруге қарсы екенін көріп отырмыз, яғни бұл біздің менталитетімізге және исламдағы некеге сәйкес келмейді.

Келесі студенттердің бір некелікке деген ұстанымына қатысты сұраққа респонденттер келесідей түрде жауап берді.

Студенттердің 75,86%-ы некеге тек бір рет ғана тұруға болады деп санаса, ал 20,69%-ы қарама-қарсы пікірге ие, яғни некеге бірнеше рет тұруға болады деп санайды. Бұдан басқа, ресми некеге тұру қажет емес деп есептейтін 1 респондент бар және бұл оның бірінші курста оқитынымен байланысты. Айта кету керек, бұл жерден респонденттердің басым көпшілігі бір реттік некені, яғни моногамияны қалайтынын көруге болады. Ал 20,69%-ы «бірнеше рет» нұсқасын таңдады, яғни бұл олардың негізінен ерлер қауымы екендігін білдіреді. Батыс типті қоғамдарда неке және, өз кезегінде, отбасы моногамиямен байланысты. Бірнеше әйелмен немесе бірнеше ер адаммен бір мезгілде некеде тұру заңсыз деп саналады. Әлемдік ауқымда моногамия, жалпы айтқанда, некенің ең кең таралған түрі емес. 565 әр түрлі қоғамдарда салыстырмалы зерттеу жүргізген Джордж Мердок, полигамия олардың 80%-ында жол берілетінін анықтаған болатын (Becker, 2002: 38-65).

Төменде 1-диаграммада көрсетілгендей, келесі сұрақ студенттердің болашақ жұбайына қатысты ресми некенің алдындағы қажетті шарттар туралы түсініктерін ашады.



1-диаграмма. Болашақ жұбайына қатысты неке алдындағы қажетті шарттар туралы студенттердің ұстанымдары

Өз серіктесіне қатысты неке алдындағы қажетті шарттар туралы пікірлер келесідей бөлінді. Бірінші орында білім алуды аяқтау – 56,67%. Екінші орында – жақсы жұмыс табу ниеті – 46,67%, үшінші орында – өз баспанасының болуы – 40%. Соңғы орында әскери борышын толық өтеуін – 14% респонденттер жауап


берді. «Өз нұсқасы» ретіндегі жауаптар келесілерді қамтыды: «жоғары жалақыға ие болуы», «отбасылық өмірге толықтай дайын болуы». Осыдан, респонденттердің көпшілігі тұрақтылық пен ұстамдылықты қалайтынын, олар тәуекелге баруды ұнатпайды және олардың болашақ жұбайы өздері сияқты өз бетінше өмір сүруге да

йын болуын күтуде екенін байқаймыз. Осылайша, келесідей қорытынды жасауға болады: студент жастар неке қиюға аса маңыздылықпен қарайды. Некеге тұрар алдында олар өздерінің болашақ отбасының негізін қамтамасыз етуді, атап айтқанда, өз баспанасының болуын қалайды, бұл олардың өз ата-аналардан тәуелсіздігін көрсетеді, ал білім беруді аяқтауы, бұл жаңа дербес өмірге енуді білдіреді. Бұдан басқа, олар үшін болашақ отбасын ұстап тұру үшін жақсы жұмыс табу қажет.

Егер некеге тұру мотивтері туралы айтатын болсақ, онда бірінші орында балаларды тәрбиелеу ниеті, ұрпақ жалғастыру ниеті тұр. Бұлай жауап берген респонденттер үлесі – 76,67%-ды құрайды. Келесі жауап нұсқасы – жайлы үй, жайлы тұрмыстың болуы – 50%. Үшінші орында сүйікті адаммен айырылыспау ниеті бар. Бұл жауапты студенттердің 30%-ы таңдады. Одан кейін келесідей мотивтер орын алады: өзін бір адамға қажетті сезіну ниеті – 26,67%, қоғамда солай қабылданған ұстанымы – 16,67%, жалғыздықтан құтылу ниеті – 6,67%, жыныстық қарым-қатынасты заңдастыру мақсатында – 10%, «өз нұсқаңыз» – 10%. «Өз нұсқаңыз» санатына келе-

сі жауаптар кірді: «әдетте, жоспарсыз жүктілік» немесе «есеппен тұрмыс құру», «өзін қорғауда болуды сезіну ниеті, жақын адамға көмек көрсету және қолдау көрсету», «өмір сүру, сүю және қуану». Осылайша, кейбір жеке көзқарастар мен пікірлерге қарамастан, студенттердің көпшілігі некеге тұрудың негізгі мотивтері – балаларды тәрбиелеу, ұрпақ жалғастыру ниеті, жайлы үй, жайлы тұрмысқа ие болу, сүйікті адаммен айырылыспау ниеті деп санайды. Некені жыныстық қатынастарды заңдастыру үшін қажет және қоғамда солай қабылданған деп санайтындар проценті өте аз. Демек, отбасының құндылығы бұрынғысынша жоғары, соның ішінде студенттерде де бұл құндылықтар жоғалмаған деген қорытынды жасауға болады.

2-диаграммадағы сұрақ бойынша, студенттер арасында некеге тұрудың қолайлы жасы ретінде – «21-24» жас – 73,33%, екінші орында – «25-30» жас – 20%-ды құрайды, бұл осы жастағы студенттер, алдымен өздерінің мансап жолын жүзеге асырып, содан кейін отбасын құрғысы келетінімен байланысты, одан әрі «17-20» және «30 және одан жоғары» жастағылар – 3,33%-ды құрайды.



2-диаграмма. Некеге тұруға деген қолайлы жастың үлесі

Көптеген қыздар қауымы үшін некеге тұрудың қолайлы жасы – «21-24» жас (61,3%), жігіттер үшін – «25-30» жасты (62,2%) құрайды. Мұнда ең қолайлы жас 21-24 жас аралығын қамтиды. Яғни, бұл студенттердің көпшілігінің жоғары оқу орнын бітіруімен, сонымен қоса, жақсы төленетін жұмыс тауып, өз баспанасы болуы мүмкіндігімен байланысты.

Үшінші сұрақтар блогы неке серіктесіне қатысты ұстанымдарды талдауға бағытталған.


Ол болашақ жұбайының жасын, ұлтының үйлесімділігін анықтауға бағытталған 2 сұрақтан тұрады.

Респонденттердің пікірінше, болашақ жұбайы/зайыбының жасы кемінде 5 жасқа үлкен болуы тиіс деп санайтындар үлесі – 33,33%, жасы аса маңызды емес – 20%-ды құрайды. «Кем дегенде 5 жасқа үлкен» нұсқасын таңдауды келесімен түсіндіруге болады (3-диаграмма). Респонденттер өздерін

қорғанышта сезінгенін қалайды, соның ішінде материалдық және моральдық тұрғыда сезінгісі келеді. Егер болашақ серігі өзінен үлкен болса, онда ол адамда отбасын құру және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қандай да бір базис болады. Мысалы, жақсы жалақы және өз баспанасы. Содан кейін мынадай жауаптар беріледі: кемінде 5 жастан кіші және көбінде 5 жасқа жастан кіші – 16,67%. «Өзіммен бір жасты болуы керек» деген нұсқаны 13,33% ер және әйел жынысты респонденттер таңдады.

Әрине, мұндай нәтижелер респонденттің жынысына да байланысты. Егер әрбір нұсқаны таңдауды респонденттің жынысына қарай

қарайтын болсақ, онда пікірлер келесідей бөлінеді. «Өзіммен бір жаста болуы керек» нұсқасын 36,1%-ын қыздар мен 63,9%-ын жігіттер таңдады. «Кем дегенде 5 жасқа кіші» деген жауап тиісінше 6,7% және 93,3%-ды құрады. Қыздардың 94,1%-ы мен жігіттердің 5,9%-ы жұбайы кемінде 5 жастан үлкен болуы тиіс деп санайды. Егер осы сұраққа жауаптың нұсқаларын әр жынысқа қатысты бөліп жеке қарайтын болсақ, онда қыздардың ең көп таңдаған жауап нұсқасы – «кемінде 5 жасқа үлкен». Осылайша 100% қыздардың 64%-ы жауап берді. Жігіттердегі ең көп таралған жауап – «Өзіммен бір жаста болуы керек» нұсқасы (сұралғандардың 53,5%-ы).



3-диаграмма. Респонденттердің болашақ жұбайының жасына қатысты қалауы

Осылайша, ер жынысты студенттерде қоғамда қабылданған болашақ неке серіктесінің жасын таңдаудағы стандартты талаптар басым. Бұны осы сұраққа жауап берген кездегі олар үшін ең көп таңдалған нұсқадан байқауға болады, яғни олар: «кемінде 5 жасқа кіші», бұдан басқа ер адамдарда «күйеуі әйелден үлкен болуы керек» деген стереотип бар. Бұл екінші жігіттер тарапынан көп таралған жауап нұсқасы. Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің көпшілігі «жасы аса маңызды емес» деген нұсқаны таңдады, ол – 20%-ды құрайды. Бұл жерде олар үшін ерлі-зайыптының жас айырмашылығы отбасылық бақыт үшін маңызды емес және отбасының күші болашақ ерлі-зайыптыларға байланысты.

Бұдан әрі студенттердің потенциалды неке серіктесінің этникалық статусына төзімділігін қарастырайық. Студенттердің көпшілігі осы сұраққа жауап бергенде, 46,67%-ы басқа

ұлт өкілімен ешқашан неке құрмайтындығын таңдады. Бұл сұраққа жауап бергендердің 30%-ы басқа ұлт өкілімен неке құруға қарсылық білдірмейтінін таңдаса, ал жауап беру кезінде қиындықтар танытқандар – 38,3%-ды құрады, «өз нұсқаңыз» санатын 6,67% респонденттер таңдады. «Өз нұсқаңыз» санатын қарау кезінде жауаптардың келесі нұсқаларын бөліп көрсетуге болады: «егер дініміз бір болса, қарсы емеспін», «жағдайларға байланысты көрермін. Егер басқа ұлттағы адамды кездестіріп және бір-бірімізді шын сүйер болсам, онда өзара сезімге сенімді бола отырып, онымен некеге тұра алар еді. Алайда, шетелдікке нақты тұрмысқа шығу мақсатым жоқ. Нағыз қазақ жігітін тапқым келеді!!!». Жалпы, бұл көрсеткіштер бойынша, студенттердің көпшілігі басқа ұлт өкілімен некеге тұрғысы келмейді деген қорытынды жасауға болады. Әрине, некеге тұратындар да бар, бірақ бұл белгілі бір жағдайларға немесе

ұлтқа байланысты, бұл да аса маңызды емес рөл атқарады. Сондай-ақ, «егер дініміз бір болса, қарсы емеспін» деген жауап та өте қызықты, бұл адам өз серіктесінің діні өзінің дінімен бір болар болса, этникалық мәртебесіне қарамайтынын білдіреді. Бұл жерде студенттер басқа дін өкілімен неке қиюға қарағанда, басқа ұлт өкілімен неке қиюға шыдамдылықпен қарайтынын байқауға болады. Бұл басқа этникалық немесе діни орта өкілімен неке қиюға қатысты қалыптасқан стереотиптерді нақты дәлелдейді.

Жоғарыда айтылғандардан келесі қорытындыларды жасауға болады. Некелік таңдаудың стереотиптік құндылықтық ұстанымдары студенттерге келесі санаттарда тән: студенттердің потенциалды неке серіктесінің этникалық мәртебесіне төзімділігі, жалпы қабылданған ерлі-зайыптылар арасындағы жас айырмашылық. Студенттердің көпшілігі басқа этникалық топтардың өкілдерімен неке қию туралы сұрақтарға жауап нұсқасын келесідей таңдады. Олар «басқа ұлт өкілімен ешқашан некеге тұрмас еді». Ерінің/зайыбының таңдаулы жасы туралы пікірге келер болсақ, онда жынысына байланысты пікірлер 2-ге бөлінді, бірақ, соған қарамастан студенттер қоғамда қабылданған стереотиптерді ұстанады, яғни бұл күйеуі үлкен жаста, ал әйелі тиісінше кішісі болуы тиіс. Қыздардың көпшілігі болашақ жұбы кем дегенде 5 жасқа үлкен болуы керек деп санайды, ал жігіттер олардың жұбайлары өзімен бір жаста немесе кемінде 5 жасқа кіші болуы керек деп санайды. Зерттеу нәтижесінде бұрын болмаған некелік мінез-құлықтың стереотиптік емес құндылықтық бағдарларының пайда болуы туралы да айтуға болады, бұл жаңа, стереотиптік ойлауға тән емес қалаулар мен ұстанымның пайда болуынан көрінеді. Осылайша, зерттеу нәтижесінде гипотеза ішінара расталғанын айтуға болады.

Қорытынды

Отбасы – бұл көптеген ғалымдардың пікірінше, қоғамның негізінде жатқан құбылыс. Отбасы – қоғамға тұрақтылық беретін және жеке тұлғаны қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын қоғамның басты институттарының бірі. Отбасыны қалыптастырудың және оны қоғамдық бақылаудың дәстүрлі құралы, өзін-өзі сақтау және қоғамның даму құралы, жолдары, тәсілдерінің бірі – бұл неке болып табылады. Қазіргі уақытта отбасы және неке институты өте жылдам қарқын-

мен өзгеріп келеді. Отбасы әлеуметтік институт ретінде өте бір маңызды функцияны атқарады – бұл ұрпақтарды жаңғырту. Бұл функцияны жүзеге асыратын негізгі әлеуметтік топ – жастар, атап айтқанда, студент болып табылғандықтан некелік таңдаудың ерекшеліктерін зерттеуде студент жастар қарастырылды.

Некелік таңдау немесе іріктеу – көптеген нұсқалардан нәтижесінде болашақта жұбайы (зайыбы) болатын бір серіктес таңдалатын процесс. Әрбір адамның өзінің некелік шеңбері бар – бұл ықтимал неке серіктестерінің жиынтығы. Осылайша, некелік серіктесті таңдау туралы сұрақтар – бірінші көзқарасқа қарағанда неғұрлым күрделі және көп мәнді.

Ғылыми жұмыс шеңберінде біз некелік таңдаудың мынадай ерекшеліктерін қарастырдық: потенциалды некелік серіктестің болуы, некелік серігін іздеу стратегиясы, ресми некеге дейін бірге өмір сүруге деген көзқарасы, некеге тұрудағы қолайлы жас, серіктесті таңдау кезіндегі ұстанымдары (жасы, ұлты), болашақ жұбайына қатысты неке алдындағы қажетті шарттар туралы студенттердің ұсынымдары, бір реттік некеге тұруға байланысты ұстанымдар, некеге тұру мотивтері, некеге тұру кезінде басшылыққа алынатын себептері.

Жүргізген зерттеу нәтижесінде келесі нәтижелер алынды. Студенттердің көпшілігінде қазіргі уақытта потенциалды некелік серіктестері жоқ, бұл ретте олар болашақ серіктесін іздеуге әрекет жасамайды. Студенттердің жартысынан астамы ресми тіркелген некеге дейін бірге өмір сүруге теріс көзқараста қарайды. Бір реттік некеге деген көзқарасқа келетін болсақ, көптеген студенттер тек бір рет некеге тұруға болады деп санайды. Студенттер некеге тұрудың негізгі мотивтері деп келесілерді санайды: балаларды тәрбиелеу, ұрпақ жалғастыру, жайлы үй, жайлы тұрмысқа ие болу және сүйікті адаммен айырылыспау ниеті. Респонденттердің пікірінше, болашақ жұбайының жасы ерекше маңызды емес немесе «күйеуі әйелінен үлкен болуы керек» деген стереотипті ұстанады. Және студенттердің көпшілігі басқа ұлт өкілдерімен некеге тұруды қаламайды.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде ғылыми жұмыстың гипотезасы ішінара расталғанын айтуға болады. Студенттердің потенциалды неке серіктесінің этникалық мәртебесіне төзімділігі және болашақ неке серіктесінің қолайлы жасына қатысты гипотеза санаттары дәлелденді.

Әдебиеттер

- Bhavana. N, Dr. K.S. Roopa. Youth Attitude towards Marriage and Changing Trends in Marriage. *International Journal of Science and Research (IJSR) // Index Copernicus Value.* – 2013. – № 6.14. – P. 677-682.
- Coleman J. *Foundations of Social Theory.* MA: Harvard University Press. 1990. – 114p.
- Gary S. Becker. Polygamy and monogamy in marriage markets, in *A treatise on The Family,* Cambridge, Harvard University Press. 2002. – P. 38-65.
- Kerckhoff A., Davis K. Value Consensus and Need Complementary in Mate Selection // *American Sociological Review.* – 1962. – Vol. 27. – P. 295–303.
- Murstein B. J. Who will marry Whom? Theories & Research in Marital Choice. N. Y. 2011. – P. 392.
- Wolfgang Keller, Håle Utar. Globalization, Gender, and the Family. NBER Working Paper No. 25247 Issued in November – 2018. – P. 82.
- Yossi Matias. Insights into what the world is searching for – the new Google Trends, Insights Search, The official Google Search blog, 2012.
- Валерий Голофаст. Социология семьи. Статьи разных лет. – СПб.: Алетейя. 2006. – С. 198-216.
- Гурко Е.М. Представления студенческой молодежи о браке // *Актуальные проблемы семей / Под ред. Т.А. Гурко.* – М.: Институт социологии РАН, 2006. – С. 200.
- Курамшев А.В, Чистякова Т.С. Стратегии добрых практик современной молодежи // *Вестник ННГУ им. Н.И. Лобачевского.* – Н. Новгород: Изд-во ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2010. – No3. – С. 43-49.
- Лежнина Ю.П. Институт семьи в России: на пути трансформации // *Социологическая наука и социальная практика.* – 2016. – № 2. – С. 84.
- Мягков А.Л. Опросные методы сбора данных: предпочтения респондентов. // *Социол. исслед.* – 2012. – № 8. – С.74-78.
- Семейные ценности в Казахстане. // *Опубликовано Министерством юстиции Республики Казахстан, 27 мая 2015.* Режим доступа: (<http://www.adilet.gov.kz/ru/node/94426>).
- Турежанова Р. Особенности гендерного развития Республики Казахстан // *Вестник Казахско-Русского Международного университета.* – 2015. – №4(13). – С. 117-122.
- Ядов В.А. Социологическое исследование: Методология, программа, методы. – М.: Наука, 2011. – С. 245.

References

- Bhavana. N, Dr. K.S. Roopa. (2013) Youth Attitude towards Marriage and Changing Trends in Marriage. *International Journal of Science and Research (IJSR).* Index Copernicus, Value 6.14, pp. 677-682.
- Coleman J. (1990) *Foundations of Social Theory.* MA: Harvard University Press, p. 114.
- Gurko Ye.M. (2006) *Predstavleniya studencheskoy molodezhi o brake [Representations of student youth about marriage]. Aktual'nyye problemy semey /Pod red. T.A. Gurko.* – М.: Institut sotsiologii RAN. 200 p.
- Gary S. Becker. (2002) Polygamy and monogamy in marriage markets, in *A treatise on The Family,* Cambridge, Harvard University Press, pp. 38-65.
- Kerckhoff A., Davis K. (1962) Value Consensus and Need Complementary in Mate Selection. *American Sociological Review,* Vol. 27, pp. 295–303.
- Kuramshev A.V, Chistyakova T.S. (2010) *Strategii dobrachnykh praktik sovremennoy molodezhi [Strategies of Premarital Practices for Modern Youth]. Vestnik NNGU im. N.I. Lobachevskogo.* –N. Novgorod: Izd-vo NNGU im. N.I. Lobachevskogo. no3, pp. 43 –49.
- Lezhnina YU.P. (2016) *Institut sem'i v Rossii: na puti transformatsii [Family Institute in Russia: towards transformation]. Sotsiologicheskaya nauka i sotsial'naya praktika.* no 2, 84 p.
- Murstein B. J. (2011) *Who will marry Whom? Theories & Research in Marital Choice.* N. Y, 392 p.
- Myagkov A.L. (2012) *Oprosnyye metody sbora dannykh: predpochteniya respondentov [Survey data collection methods: respondents preferences] Social research,* vol.8, pp.74-78.
- Semeynyye tsennosti v Kazakhstane (2015) [Family values in Kazakhstan]. Published on the site of Justice Ministry of the Republic of Kazakhstan, May 27. Electronic resource: (<http://www.adilet.gov.kz/ru/node/94426>).
- Turezhanova R. (2015) *Osobennosti gendernogo razvitiya Respubliki Kazakhstan [Features of gender development of the Republic of Kazakhstan]. Bulletin of Kazakh –Russian International University,* No 13, pp. 117-122.
- Valeriy Golofast. (2006) *Sotsiologiya sem'i [Sociology of the family]. Stat'i raznykh let.* SPb, Aleteyya, pp.198-216.
- Wolfgang Keller, Håle Utar. (2018) *Globalization, Gender, and the Family.* NBER Working Paper No. 25247 Issued in November. 82 p.
- Yadov V.A. (2011) *Sotsiologicheskoye issledovaniye: Metodologiya, programma, metody [Sociological research: Methodology, program, methods].* М.: Наука. 245 p.
- Yossi Matias. (2012) *Insights into what the world is searching for – the new Google Trends, Insights Search, The official Google Search blog.*